



Міндетті түрде сертификаттауға жататын өнімдерді (тауарларды) Қазақстан Республикасының аумағына әкелудің ТӘРТІБІ

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті 1997 жылғы 4 шілдедегі N 175-П Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 14 тамызда тіркелді. Тіркеу N 350. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 15 ақпандағы бұйрығымен . ~V011442

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы N 411 P930411_ "Қазақстан Республикасында өнімдерін (жұмыстарды, қызмет көрсетуді) міндетті түрде сертификаттауды кезеңмен енгізу туралы" қаулысын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1996 жылғы 4 желтоқсандағы N 550-р R960550_ өкімін орындау, адамдардың өмірінің, денсаулығының қауіпсіздігін, азаматтардың мүлкін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету, кедендік бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында бұйырамын:

1. 1997 жылғы 2 маусымда бекітілген "Міндетті түрде сертификаттауға жататын өнімдерді (тауарларды) Қазақстан Республикасының аумағына әкелудің тәртібі" күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас кеден басқармасының 1994 жылғы 18 қаңтардағы N 1 бұйрығымен бекітілген "Міндетті түрде сертификаттауға жататын өнімдерді кедендік бақылаудың тәртібінің" күші жойылған болып есептелсін.

3. Кеден басқармаларының, кедендер мен кеден бекеттерінің бастықтары осы бұйрықтың орындалуын және оның орындалуы бойынша Мемстандарттардың аумақтық органдармен өзара әрекеттесуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау ҚР МКК Төрағасының орынбасары В.Д. Кирдановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен соң күшіне енеді.

Төраға

Міндетті түрде сертификаттауға жататын өнімдерді
(тауарларды) Қазақстан Республикасының аумағына әкелудің
ТӘРТІБІ

Осы тәртіп Қазақстан Республикасының А-қосымшасында көрсетілген заңдарына және нормативті актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 4 желтоқсандағы N 550-р өкімінің R960550_4 -тармағын орындау мақсатында жасалып отыр. Осы тәртіп Қазақстан Республикасының кеден аумағына өнімдерді әкелу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделерін сақтау, сондай-ақ адамдардың өмірін денсаулығын, мүлкін және қоршаған ортаны қорғау мақсатында белгіленіп отыр.

Осы тәртіп Қазақстан Республикасы аумағында қызметінің меншіктілік нысандары мен түрлеріне қарамастан жұмыс істеп жүрген заңды тұлғаларға, сондай-ақ іскерлік қызметпен айналысатын барлық жеке тұлғаларға да қолданылады.

Осы тәртіп транзитпен өткізілетін өнімдерге (тауарларға) қолданылмайды. Осы тәртіп оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді. 1994 жылы 5-12 қаңтарда қабылданған "Міндетті түрде сертификаттауға жататын өнімдерді кедендік бақылаудың тәртібінің" күші жойылған болып есептелсін.

1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, сатудың, сатып алудың немесе айырбастаудың (бартердің) саяғы болып табылатын, міндетті түрде сертификаттауға жататын өнімдер (тауарлар) кедендік бақылауға жатады.

1.2. Міндетті түрде сертификаттауға жататын өнімдердің (тауарлардың) тізбесін Қазақстан Республикасының Экономика мен сауда министрлігі Стандарттау, метрология мен сертификаттау жөніндегі агенттігі (бұдан әрі Қазақстан Республикасының Мемстандарты) министрліктер мен ведомстволардың ұсыныстарын ескере отырып, әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

1.3. Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген нормативті құжаттардың міндетті талаптарына сәйкес республиканың кеден аумағына әкелінетін өнімдердің (тауарлардың) қауіпсіздігін растау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жүйесінде (бұдан әрі- ҚР МСЖ) Мемстандарттың тіркеген сертификаттау органдарының өнімдерді сертификаттауын жүргізуі жолымен немесе шетелдік сертификаттарды тану жолымен жүзеге асырылады.

Тіркелген органдар мен сынақ зертханаларының мемлекеттік тізбесін Қазақстан Республикасының Мемстандартты жүргізеді.

Аса тез бүлінетін және бүлінетін өнімдердің (тауарлардың), сондай-ақ тағамдық биологиялық белсенді қоспалардың қауіпсіздігін растау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жүйесінде оларды

санитарлық-эпидемиологиялық сараптан өткізу жолымен жүзеге асырылады.

Мұндай өнімдердің (тауарлардың) тізбесі Б-қосымшасында келтірілген.

1.4. Өнімдерді (тауарларды) сертификаттаудың ережелері мен шетелдік сертификаттарды тану Қазақстан Республикасы Мемстандартының Қаулысымен бекітілетін және күшіне ендірілетін, ҚР МСЖ-інің негізге алынған нормативті құжаттарымен белгіленеді.

Өнімдерді санитарлық-эпидемиологиялық сараптан өткізудің ережелері мен шетелдік гигиеналық сертификаттарды (қорытындыларды) тану Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі белгіленген тәртіппен бекітетін және күшіне ендіретін нормативті құжаттарымен белгіленеді.

1.5. Төмендегілер:

- Ресей Федерациясының, Украинаның, Әзірбайжанның, Арменияның, Молдованың, Беларустің, Қырғызстанның, Тәжікстанның, Түркменстанның, Өзбекстанның сертификаттау жөніндегі органдарының сертификаты немесе сәйкестік белгісі;

- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жүйесінде тіркелген шетелдік ұйымдардың сертификатты немесе сәйкестік белгісі;

- Түріктің стандарттар институтының (14.02.98 ж.-ға дейінгі мерзімге КК/646.4.33 тіркеу аттестаты);

- Швейцарияның SGS фирмасының (03.06.97 ж.-ға дейінгі мерзімге КК/646.4.27 тіркеу аттестаты);

- Францияның "Газ Де Франс" фирмасының (07.02.98 ж.-ға дейінгі мерзімге КК/646.4.34 тіркеу аттестаты) мен белгіленген тәртіппен ҚР МСЖ-інде бұдан әрі тіркелген немесе танылатын басқалары өнімдердің (тауарлардың) қауіпсіздігін растайтын құжаттар болып табылады.

2. Кеден режимінің шарттарына сәйкес өнімдерді (тауарларды) шығарудың ерекшеліктері

2.1. 1.5-тармақта көрсетілген құжаттардың бірі немесе осы Тәртіптің 3-бөлімінде баяндалған талаптарды орындау міндетті түрде сертификаттауға жататын және төмендегідей:

- еркін айналымға шығару;

- кері импорт;

- кедендік бақылаумен ұқсату (ұқсату өнімдерін еркін айналымға шығару жағдайында);

- кеден аумағынан тысқары ұқсату (ұқсату өнімдерін әкелуге қатысты бөлігінде) режимдерімен орналастырылған өнімдерді (тауарларды) кедендік бақылаудың негізі болып табылады.

2.2. Кеден режимдеріне қарамастан сертификаттар ұсынылмастан Қазақстан Республикасы кеден аумағына төмендегідей:

- шет ел мемлекеттері мен Халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінің, сондай-ақ олардың қызметкерлерінің ресми пайдалануына арналған;
- жаңа және ұсталған автомобильдерді әкелу жағдайларын қоспағанда жеке тұлғалардың әкелетін және өндірістік немесе коммерциялық қызметке арналмаған өнімдер (тауарлар) шығарылады.

2.3. Тасымалдануы мен сақталуы ерекше климаттық шарттарды (температура, ылғал, қысым мен т.б.) қажет ететін, аса тез бүлінетін өнімдер (тауарлар) кеден органы анықтайтын кезектен тыс тәртіппен кедендік бақылауға жатады. Мұндай өнімдердің (тауарлардың) тізбесі Б-қосымшасында келтірілген.

2.4. Сақтау мерзімі 2-айдан кейін өтетін өнімдерді (тауарларды) сақтау мерзімі әлі өтпеген аса тез бүлінетін өнімдерден (тауарлардан басқалары) әкелуге жол берілмейді.

2.5. Қазақстан Республикасына осы Тәртіп бұзыла отырып, әкелінетін өнімдер (тауарлар) кеден шекарасы арқылы өткізуге жатпайды. Мұндай өнімдер кеден заңдарымен белгілеген ережелерге сәйкес сақталады.

3. Әкелінетін өнімдерді (тауарларды) кедендік бақылау

3.1. Әкелінетін өнімдер (тауарлар) өнімдерді (тауарларды) алушы немесе кеден органының құрылымдық бөлімшесі орналасқан оның қызметті аймағында белгіленген жерлерде кедендік бақылауға жатады.

3.2. Кедендік бақылау кезеңінде әкелінетін өнімдер (тауарлар) кедендік бақылаумен уақытша сақтауда болады.

Уақытша сақтаудың шекті мерзімінің екі айдан асуы мүмкін емес. Көрсетілген мерзімнің ішінде тауарлар мәлімделген Мемлекеттік кеден режиміне сәйкес шығарылуы не Қазақстан Республикасы кеден аумағынан әкетілуі тиіс.

3.3. Әкелінетін өнімдер (тауарлар) Қазақстан Республикасы кеден заңдарымен белгіленген тәртіппен кедендік ресімдеуді жүргізген органда кедендік декларациялауға жатады.

Кедендік декларациямен және кедендік ресімдеу мен бақылауды жүргізуге қажетті өзге де құжаттармен бір мезгілде декларант осы Тәртіптің 1.5-қосымшасында көрсетілген құжаттардың бірін не В-қосымшасында келтірілген нысанындағы сертификаттау жөніндегі органдар немесе Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау қызметінде тіркелген өтініш-декларацияны ұсынады.

Әкелінетін өнімдерге (тауарларға) кедендік жүк декларациясын толтыру кезінде декларант 44-бағанда 6 цифрының астына сәйкестік сертификаттың

нөмірі мен берілген күнін және оны берген органның атауын немесе өтініш-декларация тіркелген органның қысқаша атауын, тіркеу нөмірі мен тіркелген күнін көрсетеді.

3.4. Өнімдерді (тауарларды) әкелетін декларанттардың оларға осы Тәртіптің 1.5-қосымшасында көрсетілген сертификаттау органдары берген сертификаттары болмаса, кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органының іс-қағаздарына олардың нысандары мен мазмұнын жаңғыртатын әдіспен орындалуға тиісті көшірмелері тігіледі.

3.5. Өнімдерді (тауарларды) шығаруды кеден органының өкілетті лауазымды адамы кеден органының кедендік декларацияны қабылдаған, сондай-ақ кеден мақсаттарына қажетті басқа да құжаттар мен мәліметтерді ұсынған сәтінен бастап бес күн кешіктірмей жүргізеді.

Өздеріне қатысты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитеті кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібін белгілеген өнімдерді (тауарларды) шығару үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

3.6. Кедендік ресімдеу кезеңінде жарамсыз өнімдер (тауарлар)

анықталатын жағдайда қауіпті өнімдерді және Қазақстан Республикасы кеден заңдарының талаптарына және "Өткеру мен тұтынуға жарамсыз деп танылған жағдайда өнімдер мен тауарларды жоюдың немесе одан әрі ұқсатудың тәртібіне" (Үкіметтің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1891

P951891_
қаулысы)

сәйкес жүргізіледі.

4. Осы тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілік

4.1. Осы тәртіпті бұзғаны үшін кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауап береді.

А-қосымшасы

Міндетті түрде сертификаттауға жататын өнімдерді кедендік бақылаудың осы тәртібі жасалған Қазақстан Республикасының заңдық және нормативті актілерінің

ТІЗБЕСІ

1. Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 5 маусымдағы "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" заңы
2. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 18 қаңтардағы "Стандарттау мен сертификаттау туралы" заңы
3. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 8 шілдедегі "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық игілігі туралы" заңы
4. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" заңы

5. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1992 жылғы 22 қыркүйектегі N 274-Р өкімі, Қазақстан Республикасынан тысқары лицензиялар бойынша астық пен оның өнімдерін тиеп жіберу туралы бөлігінде.
6. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы N 411 P930411_ "Қазақстан Республикасында өнімдерді (жұмыстарды, қызмет көрсетуді) міндетті түрде сертификаттауды кезеңмен енгізу туралы" қаулысы.
7. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 сәуірдегі N 320 P940320_ "Қазақстан Республикасында өнімдерді сертификаттауды қамтамасыз ету шаралары туралы" қаулысы.
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 4 қазандағы N 1301 P951301_ "Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларды тиеу алдындағы тәуелсіз инспекциялаудың жүйесін енгізу туралы" қаулысы.
9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1891 P951891_ "Өнімдер мен тауарлар өткеру мен тұтынуға жарамсыз деп танылған жағдайда оларды жою немесе одан әрі ұқсату тәртібін бекіту туралы" қаулысы.
10. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 592 P960592_ "Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1993 жылғы 20 мамырдағы N 411 P930411_ қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" қаулысы.
11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 мамырдағы N 654 P960654_ "Қазақстан Республикасынан экспортталатын тауарларды тиеу алдындағы тәуелсіз инспекциялау туралы" қаулысы.
12. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сертификаттау жүйесінің (ҚР ММЖ) негізге алынған нормативті-техникалық құжаттары:
ҚР СТ 3.4-94 "ҚР ММЖ. Өнімдерді сертификаттауды жүргізудің тәртібі. Жалпы талаптар";
РД 50 ҚР 3.4-94 "ҚР ММЖ. Шетелдік сертификаттарды танудың тәртібі".

Б-қосымшасы

Аса тез бүлінетін өнімдердің ТІЗБЕСІ

1. Көкөністер мен жас саңырауқұлақтар:
кәді, жас бұрыш, қарбыз, қауын, қияр, қызан, мыңжапырақ, картоп, пияз, асханалық қызылша, брюква, шомырт, жас саңырауқұлақтар, повидло мен көкөніс пюресі.
2. Жеміс-жидектер: жас жеміс-жидектер, повидло, жеміс-жидектердің пюресі мен қамыры.
3. Ет пен ет өнімдері (оның ішінде сойылған құс пен аң еті) және мал майы, мал етінің барлық түрлері, тоңмайы мен майлары, сойылған құс еті, эндокриндік шикізат, қосымшада өнімдер.
4. Сүт пен сүт өнімдері: жас сүт, кілегей, қаймақ, ірімшік, творог, брынза, сарымай мен шыжғырылған май.
5. Жұмыртқа мен оның сарысы.
6. Балық, балық өнімдері мен шаяндар: судағы тірі балықтың уылдырығы мен шабақтары, балықтың кез келген түрі, салқындатылған, тоңазытылған, ысталған, тұздалған және маринадталған, кез келген уылдырық пен шаяндар.
7. Нан және нан-бөлке өнімдер.
8. Тез бүлінетін кондитерлік бұйымдар.